

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 7 маусымдағы N 156-ө
өкіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 4 шілдедегі N 181-ө Өкімі
"Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевпен бірге жүретін
Қазақстан Республикасының делегациясын Француз Республикасына іссапарға жіберу
туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 7 маусымдағы N
156-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен:

1) 2008 жылғы 11-12 маусым кезеңінде Алматы - Мәскеу - Астана - Алматы бағыты
бойынша арнайы рейстің шығыстарын 2008 жылға арналған республикалық бюджетте
005 "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен төлесін;

2) 2008 жылға арналған республикалық бюджетте 005 "Шетелдік іссапарлар"
бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен валюта айырбастаудың берілетін
күнгі нарықтық бағамы бойынша белгіленген тәртіппен шетелдік валютада қаражат
бөлсін:";

тоғызыншы абзацтағы "Санкт-Петербург - Майндағы Франкфурт - Париж - Вена -
Астана" деген сөздер "Санкт-Петербург - Майндағы Франкфурт - Париж" деген
сөздермен ауыстырылсын.

Премьер-Министр

К.Мәсімов